



ДЕТЕКТИВ ДОДАСЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ БЕЛЕСІ



Детектив – әдебиеттің ең кенже жанры болғанымен, оқырманының көптігі жағынан қазір әлемде көшбасшылық тізгінді ешкімге бермей тұр. Адам мен адамның, адам мен қоғамның арасындағы қарым-қатынасты бейнелеуде әдебиеттің жауынгер жанры ретінде мойындалған бұл салаға қолына қалам ұстаған қаламгерлердің бәрі бірдей тәуекел ете бермейді.

(Жалғасы 2-бетте)

«Е-ЗАҢ КӨМЕГІ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бүгінде әлемдік қауымдастық цифрлық технологияларды барынша тиімді қолданып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін күнделікті өмірге енгізу бағытында нақты қадамдар жасалуда. Қазақстан да бұл үдерістен қалыс қалмай, цифрландыру саласын қарқынды дамытып келеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, еліміз толық цифрландыру мен жасанды интеллектке негізделген озық технологияларды дамытатын өңірге айналуы тиіс. Бұл – тек уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар ұлттық дамудың маңызды стратегиялық бағыты. Осы бағытта Әділет министрлігі «Цифрлық әділет» бастамасы аясында бірқатар тың жобаны жүзеге асырып жатыр. Бұл жобалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтық қызметтерге жүгінуін жеңілдету, қағазбастылықты азайтып, уақыт пен қаржыны үнемдеу. Ең бастысы – кез келген адам өзіне қажетті құқықтық ақпаратқа оңай әрі жылдам қол жеткізе алады. Солардың бірі – «Е-Заң көмегі» деп аталатын бірыңғай ақпараттық жүйе.

Бұл жүйе арқылы азаматтар онлайн режимде заңгерлік кеңес алып, өз құқықтары туралы толыққанды ақпаратқа ие бола алады. Жүйеге енгізілген жасанды интеллектке негізделген «Цифрлық көмекші» чат-боты пайдаланушылардың сұрақтарына нақты, түсінікті әрі жедел жауап береді. Жасанды интеллект негізіндегі көмекшінің тиімділігі уақыт өте келе нақты нәтижелермен дәлелденуде. Қазіргі уақытта облыс бойынша 859 азамат жүйеге жүгініп, нақты құқықтық кеңес алған. Бұл – технологияның қаншалықты сұранысқа ие әрі қажетті екенін көрсетеді.

Цифрлық даму – болашақтың кепілі. Ал «ақылды заңгер» атанған виртуалды кеңесші – осы болашаққа бастар сенімді қадам. Жаңа жүйе арқылы азаматтар өз құқықтарын қорғауда заманауи құралдарды еркін пайдалана алады. Ендігі мақсат – бұл мүмкіндікті еліміздің әрбір азаматына кеңінен таныту және қолжетімді ету!

Аймина САРТОВА,
Алматы облысы Әділет
департаментіндегі құқықтық
түсіндіру жұмысы және
заңгерлік қызмет көрсету
бөлімінің басшысы

ШОҚАННЫҢ ДАНАЛЫҚ ӨНЕГЕСІ

Қазақ даласы тұрмақ, астамшыл империяның өзін асқан дарындылығымен, сан қырлы талантымен мойындатып, аққан жұлдыздай жарқ етіп өте шыққан қысқа ғана ғұмырында қыруар істер тындырып кеткен қазақ халқының данышпан перзенті Шоқан Уәлиханов феноменіне бойлау, өзіндік дара бітім-болмысын ашу кімге болмасын үлкен жауапкершілік жүктейді.

Көптеген зерттеу еңбектерде, энциклопедияларда Шоқан Уәлихановқа берілген анықтамаларда, оның ғалымдық қырлары аталғанда, негізінен, географ, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, ағартушы, аудармашы, саяхатшы деп көрсетіледі. Әрине, мұны жоққа шығармаймыз, және бір ғана адам үшін осылардың өзі аз емес екені түсінікті, сонымен бірге, дара талант қырларын ашуға жеткілікті болары сөзсіз. Бірақ, осылардың өзі оның санқырлылығы туралы толық мағлұмат бере алмасын айтпай кетуге болмас. Мысалы, оның суретшілік өнеріне атақты суретшілердің өзі жоғары баға берген, оның, әсіресе, портреттік, пейзаждық бағыттағы өнер туындыларын Леонардо да Винчи,

Рафаэль ди Санти туындыларымен үндесінін жазып, өте биік бағалаған. Сонымен бірге, ол филолог-тілші-лингвист болған, осы зерттеушілік бағытта әлденеше тіл білген және өмірден өткенінше тілдерді меңгеруін жалғастырумен болған. Ол өзінің туған ана тілін жай ғана біліп қоймай, зерттеген белгілі шешендермен сөз сайысына түскен сайыпқыран шешендігі болған. Осы бағытта тамырлас түркі тілдерімен қатар қарастыру мақсатында шағатай-өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерін білген. Оның шығыстанушы-ғалым болуы да осыдан бастау алады. Ол Омбыдағы кадет корпусына барғанда бір ауыз орысша білмей, орыс балаларының мазағына ұшырапты, осыған қатты намыстанған Шоқан екі-үш

айдың ішінде орыс тілін жүйрік меңгеріп қана қоймай, оқу үлгерімі жағынан барлық құрдастарынан озып алға шыққан. Ал бұл оның өзгеше бір дара қырын танытпай ма!? Орыс тілін былай қойып, ол сол кездерде Ресейдегі барша оқу орындарында оқытылатын француз, ағылшын тілдерін де жетік меңгеріп, бұл тілдегі шығармаларды аударма арқылы емес, түпнұсқадан оқи алған. Бұл да Шоқанның феномендік бір қыры.

Сонымен бірге ол тілші лингвистік зерттеушілігін кеңейте түсу мақсатымен, «Қытай-моңғол-ұйғыр тілдерінің сөздігі» деген еңбек жазған. Демек, Шоқан бұл тілдерді толық меңгермесе де, ғылыми зерттеушілік қызығушылық танытқан.


Осылардың бәрінің үстіне, Шоқан көрген білгенін, өмірден тоқыған түйгендерін жіпке тізгендей, ғажайып көркем тұлға болып отыратын жазушы бола білген. Оның «Сот реформасы туралы жазбасы» кемел дарынның қырларын үстемелей түсті; Шоқан бұл еңбегі арқылы жай ғана заңгер емес,

заңтанушылығын, әрі қоғамтанушы, әлемтанушылық ізденімпаз қырларымен көрінді. Ізденімпаздық дегенге тереңірек мән бергіміз келеді; жоғарыда аталған қай ғылым түрі болсын, Шоқан жан-жақты түбірлете қарастырған зерттеушілігін дәлелдеді. Мысалы, оның географтығы, әрі жертанушы, әрі елтанушы, жер бедерін түсіріп отырушы-картограф, әрі өзі барған өлкелерін бейнелеуші суретші, қолма-қол қағазға түсіре қоятын журналист, очеркист, публицистік, жазушылық қырларымен де дарындылығын байыта түскен.

Осылардың бәрі Шоқанның қай ғылым саласында болмасын, жан-жақтылығының, дара ізденімпаздығының дәлелі деуіміз керек.

Мен өз басым дара дарындар, яки, Шоқан тәріздес данышпандар тез сарқылады, олар сондықтан қысқа өмір сүреді, халқына, қоғамына беретінін береді де, өмірмен ерте қоштасып жүре береді деген сияқты пікірлермен келіспеймін.

(Жалғасы 4-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕТЕКТИВ ДОДАСЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ БЕЛЕСІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені онда суреттелетін оқиға желісінің шынайылығына оқырманның титтей болса да бір күмәні туындаса, ары қарай оқылмайды. Қоғамдағы тәртіп пен әділдікті қорғайтын судья, прокурор, полиция, адвокат, із кесуші сияқты құқық қорғау саласындағы түрлі мамандардың қызметін насихаттауға бағытталған жанр елдегі билік пен әділдіктің айнасы. Сондықтан оны жазу үшін қара қылды қақ жаратындай әділдік ең алдымен қаламгердің өз бойынан табылу керек. Яғни, жауынгердің бойынан табылатын батылдық, табандылық, қайсарлық, салқынқандылық, ұстамдылық секілді қасиеттерге иек артып, шындықтың бұралаң жолындағы қиындыққа төзе алатын адам ғана детективші бола алады.

Сол себепті қоғамда әділдік пен теңдіктің үстемдігін орнату, бұл бағытта әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын көтеріп, құқығының бұзылмауына ықпал етуді мақсат еткен «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-ның детектив шығармалар байқауын өткізуге бастамашы болуы жайдан-жай емес. Қара қылды қақ жаратын шындықты әдебиет арқылы айтушыларды қолдап-қуаттауға бағытталған игі бастама биыл сегізінші рет жүзеге асып отыр.

«Кемел Тоқаев атындағы VIII республикалық детектив шығармалар байқауы қорытындысының биыл Тараз қаласында өтуінің символикалық мәні бар деп ойлаймын. Өйт-

кені, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің бастамасымен 2025 жыл «Кітап оқу жылы» деп жарияланды. «Әдебиет ұлтты тәрбиелеуші басты құрал. Біздің басты міндетіміз – жастарды ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізге сай тәрбиелеу» деген Ербол Шырақбайұлының сөзімен Кемел Тоқаев атындағы республикалық байқаудың мақсат-мүддесі де үндесіп жатыр.

Байқау мақсаты – жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, кенже қалған жанрды жандандыру, ашылмайтын қылмыстың болмайтынын әдеби тілмен баяндап, ұрлық түбі қорлық екенін ұғындыру. Осылайша, тәртіпке, заңға бағынғанның құл болмайтынын білген, түсінген ұрпақ қана ел болашағын баянды етері хақ», – деді марапаттау шарасы кезінде «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» басшысы Досымбек Өтеғалиев.

Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемовтың айтуынша, детектив шығармалар байқауына есімі берілген Кемел Тоқаев 1948 жылы Жамбыл қаласындағы облыстық «Сталин жолы» газетінде еңбек еткенін әулие-аталықтар мақтанышпен айтады. «Жамбыл облысының еліміздің өнері мен руханиятына қосып отырған үлесі де зор. Биыл өңірімізде «Әулиеата – кітап оқитын өңір» атты жоба

қолға алынып, өңір тұрғындарының кітапқа деген қызығушылығын арттыру және оқырман мәдениетін қалыптастыру аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Бүгінгі іс-шара да осы кітапқа деген құмарлықты ояту мен оқырман қызығушылығын арттырудың айқын көрінісі екені анық, және өскелең ұрпақтың рухты әрі қабілетті болып қалыптасуына да күш салады», – деді Серік Жақсылықұлы.

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Биыл байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен 70-ке жуық үміткер өз шығармасын жолдады. Ұйымдастырушылар олардың арасынан байқау талабына сай іріктеліп, авторы құпия ұсталған 14 қаламгердің туындысын қазылар алқасының бағалауына ұсынған болатын. ҚР Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында байқаудың 2023 жылғы жеңімпазы, жазушы, журналист, «Хабар» агенттігінің басқарушы директоры Серік Әбікенұлы; жазушы, журналист Көсемәлі Сәттібайұлы, Жамбыл облыстық «Ақжол» газетінің редакторы, облыстық мәслихаттың депутаты



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»
Суреттерді түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА

МЕРЕЙ

БАЙҚАУДЫҢ БАСТЫ ҚОЛДАУШЫСЫ – СОТ ҰЖЫМЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» тікелей ұйымдастыруымен қолға алынған Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауы сегізінші белесін бағындырды. Биылғы байқау жүлдегерлері қасиетті Тараз жерінде марапатталды.

Жас детектившілер қатарын көбейту, сол арқылы қазақ әдебиетінде көңіл бөлінбей қалған детектив жанрын көркейту мақсатында қолға алынған шараны Қазақстан соттары тұрақты түрде қолдап келеді.

Тарихты еске алсақ, 2018 жылы байқаудың алғашқы қарлығаштары Алматы қалалық сотында марапатталды. Бұл ретте ғалым-судья, қалалық соттың сол кездегі төрағасы Нұрғазы Әбдіқановқа, сондай-ақ, баспасөз қызметінің басшысы болған Бауыржан Ахметовке алғысымыз шексіз. Жаңадан ұйымдастырылған шараның жалғасты болуына алғаш рет қолдау көрсетіп, демеген де Алматы қалалық сотының ұжымы болатын. Байқауға екі жыл қатарынан қолдау білдірген Нұрғазы Әбенұлы қала соттары қараған резонансты істерді мұрағаттан алдыртуға көмек беріп, олардың детектившілер қаламына арқау болуына септігін тигізді.

Алматы қалалық сотының игі ісін Қазақстанның сот саласының дамуында өзіндік қолтаңбасы бар судья, Түркістан облыстық сотының экс-төрағасы Тұрысбек Мыятбеков одан әрі жалғастырып, байқау шоқтығын жоғары деңгейге көтерді. Төрағаның бастаған істі жоғары деңгейге жеткізбей тынбайтын талапшылығы, еңбекқорлығы, ұйымдастыру шеберлігі осы шара барысында да анық байқалды. 2021 жылғы доданың қорытындысы киелі Түркістанда шығарылды. Тұрысбек Ерболғанұлының қолдауымен өткен байқауда облыстық соттың судьялары өздері қарап-шешкен шулы



Ербол АХМЕТЖАНОВ,
Жамбыл облыстық сотының
төрағасы



Әділхади ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының
төрағасы

істерді қаламгерлерге арнайы беріп, детектившілер оларды шығарма өзегіне айналдырды. Айтып өтерлігі, бұл шығармалар топтасқан кітап дайын тұр, алдағы уақытта жарыққа шығып, оқырман бағасын алары анық. Ең бастысы, Тұрысбек Ерболғанұлы детектив байқауын тек Алматыда өткізе бермей, еліміздің әр өңірінде ұйымдастыру-



Әділхан ШАЙХИСЛАМОВ,
Шымкент қалалық
сотының төрағасы



Тұрысбек МЫАТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының
экстөрағасы

дың тиімділігін, пайдасын өз тәжірибесінде дәлелдеп берді. Бұл шын мәнінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген жүлдегерлерге әр аймақтың дамуын, ішкі туризмін насихаттаудың, детектив шеберлерін марапаттау арқылы аймақ халқының жанрға деген қызығушылығын арттырудың тамаша мүмкіндігі еді.

Қазақ детективінің көшбасшысы



Ержан КЕНЕНБАЕВ,
Жетісу облыстық сотының
төрағасы



Нұрғазы ӘБДІҚАНОВ,
Алматы қалалық сотының
экстөрағасы

Кемел Тоқаев атындағы детектив байқауын жыл сайын еліміздің әр өңірінде өткізу бұл күнде дәстүрге айналды. Мысалы, алғашқы жылдары Алматыда қорытындыланған байқау Түркістандағы жылы қолдаудан кейін 2022 жылы Қызылордада, 2023 жылы Талдықорғанда, 2024 жылы Шымкентте, ал биыл Тараз қаласында өтті. Байқау жүлдегер-



Оралхан Дәуіт пен «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» директоры Досымбек Өтеғалиев болды. Олардың берген жиынтық бағасының қорытындысы бойынша «Мылқау түн» деп аталатын шығармасы үшін Жетісу облысынан қатысқан Гүлден Жылкелдиева Бас жүлдеге ие болды. Жеңімпазға 1,5 миллион теңге сыйақыны Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемов табыс етті.

Алматы қаласынан қатысқан Айзада Кенжемолдаева «Қиыс жол» деген әңгімесімен бірінші орынды иеленіп, 1 млн теңге сыйақыға қол жеткізді. Екінші орынды «Қармақшы» деген шығармасымен Түркістан облысынан Болай Бердиева мен «Рецепт» деген туындысы үшін Қызылорда облысынан келген Алдажар Әбілов бөлісіп, әрқайсысы 750 мың теңгені құрайтын сыйақымен марапатталды. Ал үшінші орынды Ақтөбе облысынан Бақыт Жалиева, Алматы қаласынан Мирас Мұқаш пен Астана қаласынан Шернияз Жалғасбекұлы бөлісіп, әрқайсысы көлемі 500 мың теңгені құрайтын сыйақыға ие болды. Ал қазылар шешімімен Қанат Ғұмаров, Мақпал Жаналиева, Жадыра Шамұратова ынталандыру жүлдесін және Зияш Телеуова, Алмагүл Серікқалиева, Үйтөлған Жарекеева, Әділбек Ыбырайымов Жамбыл облыстық сотының арнайы жүлдесін алды.

Жүлдегерлердің жеңісті жолы детектив шеберлеріне жұғысты болғай.

лерін марапаттау салтанатынан өңір соттары ешуақытта қалыс қалған емес.

Бұл тұрғыда Қызылорда облыстық сотының төрағасы Әділхади Шығамбаев, Жетісу облыстық сотының төрағасы Ерлік Кененбаев, Шымкент қалалық сотының төрағасы Әділхан Шайхисламов, Жамбыл облыстық сотының төрағасы Ербол Ахметжанов, Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрмұхаммат Әбидов, облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы Самат Тауасаров пен Байзақ аудандық сотының төрағасы Досжан Төленбековтің есімдерін айрықша атағымыз келеді. Жүлделі орындарға ұсынылған шығармалармен танысқан соттар жеңімпаздарға өздерінің арнайы сыйлықтарын тағайындады. Бұл, әрине, қазақ әдебиетіне, оның ішінде детективіне деген шынайы жанашырлық пен құрметтің белгісі.

Соттар – әділдік жаршысы, қоғамымызда заң үстемдігін қамтамасыз ету міндеті жүктелген бірден-бір билік өкілдері. Сондықтан, олардың өз жұмыстарына тікелей қатысы бар детектив жанрының өркен жаюына немқұрайдылық танытпауы кімді де болса қуанттары хақ.

Кемел Тоқаев атындағы детектив байқауына, детектившілерге ұдайы қолдау көрсетіп, әрқашан қасымыздан табылып келе жатқан соттар ұжымына ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы уақытта да байқау жеңімпаздары қазылар қауымының қолдауынан кенде қалмайтынына бек сенімдіміз.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙТЫНЫН ҰҒЫНДЫРАТЫН ЖАНР

Серік ӘБІКЕНҰЛЫ, жазушы, журналист:

«Қазақ детективінен ұлттық болмысымыз байқалып тұруы керек»

Детектив байқауын сегіз жылдан бері бақылап жүрмін. Басында шығармалар тым қарапайым, қарабайыр болатын. Шығармалар сот хаттамасы секілді, «үкім осылай шықты, осынша жылға сотталды» деген секілді әлсіз жазылатын. Биылғы байқауда әділқазы бола отырып салмақты, сапалы туындылардың көбейгенін аңғардық. Өзіме «Мылқау түн», «Рецепт», «Сол бір түнде», «Қиыс жол», «Қабірдегі құпия» секілді шығармалар ұнады. Композиция құруы, шығарманың жазылуы бәрі керемет. «Өттеген-айлар» да бар. Әп-әдемі басталған шығарманы шалақ қайырып, оқиғаны тез аяқтап жатқандар да жиі кездеседі. Шығарманың бір илеуі кем екенін бірден аңғарасың. Тіпті бір иірімі жетпей қалғандай әсерде қалатын кезіміз көп. Бұл бірақ түңілу емес, үміттену. Өйткені жалпы шығармалардың өзі кесек болып

түсіп жатыр. Сондықтан жазылған дүниенің аяқ жағын жетілдіру, оқырманды ширықтырып ұстап отыруға мән беріп, аяқ жағында адамды елең еткізердей әсерде қалдыруға көңіл бөлінсе екен деймін. Бұған қаламгерлердің де қабілеті жетеді. Алдағы уақытта детектив жанрының жанданатынына, бұл байқау детективтің жаңа бір кезеңін қалыптастыратынына сенемін. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының осы бастамасы берекелі болса екен.

Шытырман шеберлерінің де байқауды жандандыруға қатысты жанашырлықпен айтқан ой, ұсыныстары ұнады. Мысалы, Шерлок Холмс деген кезде қолына шылым түтікшесін ұстаған, басында шляпасы бар, скрипка тартатын ағылшын детективінің бейнесі көз алдымызға келеді. Үстіндегі киімінің өзі Еуропа мәдениетін еске салады. Қазақ детективіне де осындай бір элемент-



тер енгізілсе, қазақ із кесушілерінің жиынтық бір образын қалыптастыра алсақ керемет болар еді. Кешелі бері осы жиында айтылып жатқан тағы бір ой сегіз жылдың ішінде өте көп шығарма жазылды. Осылардың ішіндегі үздіктерін таңдап алып, оқиғаларын іріктеп, қазақ тілінде, қазақы бір детектив сериал түсірілсе деген тілегіміз бар. Бұл ойларымыз іске асып жатса, қазақ еліндегі үлкен бір мұзжарғыш оқиға болар еді.

Жадыра ШАМҰРАТ, жазушы:

«Бұл жанр осылай өсіп, жетіле береді»

«Заң газеті» осы байқауды жылда өткізіп, оған жыл сайын әр облыстан демеуші тартып, детектив жанрындағы азды-көпті дүниелердің жазылуына себепші болып, игілікті шаруа атқарып жүр. Күнделікті газет өндірісі ол процесс, ал детективті дамытуға үлес қосу олардың міндетіне кірмесе де, бұл айналып келгенде ортақ игілікке қызмет ету. Осы байқау өткізіле бастағаннан бері қаншама адам өзінің жазу қабілетін аңдады, қайталап қатысып жатқандар бұрынғы жетпей жатқан тұсын жетілдірді, кей қаламгер өзінің жазу бағытын анық түсініп, осы салаға біржола бұрылды. Жазу деген жазған сайын сыры ашыла түсетін өнер, адамда қабілет болуы мүмкін, бірақ, ізденіс пен еңбек бар жерде меже де биік. Сондықтан үйрене береміз. Тек ғұмыр болсын! Ал, сол жазғанымыздың оқылып, бағаланып, тіпті «Заң газетінің» жұлдесіне ілігіп жатқаны – шынымен керемет! Сондықтан ұйымдастырушыларға үлкен рақмет!



Бұл жанр осылай өсіп, жетіле береді. Бүгін біздікі кей жерінде бір қайнауы ішінде кеткендей немесе асығыстау, кей жері аңғалдау көрінуі мүмкін, ал келесіде бұдан шымыр бола түседі. Ертең жастар келеді, олардың ойлауы бізден басқаша, демек, логикалық шешіміне бас қататындай күрделі бұрылыстары бар соны, көркем дүниелер жазады. Осылай елдегі детектив жанры

жақсы көтеріліп жатса, бұған «Заң газетінің» осыншалық үлесі бары айтылуы тиіс. Іріктелген шығармаларды оқып шықтым, қазірдің өзінде әр қаламгердің өз ерекшелігі көрінеді. Бірі динамикаға, бірі сюжетті ширықтыруға, біреуі кульминацияға салмақ салады. Өзіме қылмыстың өзі емес, соны жасаған адамның психологиялық жағы қызық. Бір жылдары іссапармен Алматыда, Павлодар, Петропавл қалаларындағы түзету мекемелерінде болғанда, схемасы адамның миын сындыра жаздайтын қылмыстық істермен таныстық. Ол жақта мүсін өнерімен ғана емес, ерекше қару жасап таңғалдырған адамдарды көрдік. Сондай адамдар о баста Құдай берген қабілетін ортақ игілікке жұмсағанда ғажайып өнертапқыш не ғалым болуы мүмкін еді дейсің. Сосын ойланасың. О баста періште болып туған адамның кейін өзгеріп, қылмысқа баруы, әсіресе, мақсатты түрде әдейі ойластырып, деталіне дейін мән беріп жасауы – бұл сананың ақауы ма, жаратылыстың күрделілігі ме, әлде әлденеге деген ішкі протестен бе? Біздің әділет жайлы ұғымымыз бен олардың түсінігінің ажырайтын тұсы қай жерден басталады? Сұрақ көп.

Ұйтолған ЖАРЕКЕ, журналист:

«Жүлдегерлер сапына ілігу – зор қуаныш»

Тараз төрінде өткен Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауының үш жүлдесі Сыр бойына бұйырды. Ұстазым Алдажар Әбілов ағай ІІ орын, Шернияз Жалғасбек үшінші орын алды. Биыл бірінші рет қатысқан едім. Жазғаным 68 шығарманың ішінен іріктелген жүлдегер-

лер сапына ілігіпті.

Жамбыл облыстық сотының арнайы жүлдесі бұйырды.

Детектив кенже қалған жанр десек, соны тірілтуге тер төгіп жүрген Досымбек Қонысбекұлы мен Айнұр Сембаеваның бастамасы үлкен еңбек.



Мирас Мұқаш, жазушы:

«Қазақ әдебиетінің көкжиегі кеңі түседі»

Детектив әлемдік сұранысқа ие жанр. Бұл жанрды дамыту арқылы қазақ әдебиетінің көкжиегі кеңі түседі. Сондықтан Кемел Тоқаев атындағы дәстүрлі байқаудың берері мол. Биылғы байқауға қатысу арқылы өз кемшіліктерімізді бағамдап, көп тәжірибе жинақтадым. Әдеби байқаудың салмағы мен жауапкершілігін сезіндік. Осы бағытта жазып жүрген әріптестерімізбен пікір алмасудың да тағылымы зор. Осы жанрды жетілдіруге жанын салып жүрген «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ұжымының еңбегі орасан. Сол себепті мекеменің басшылары мен шығармашылық тобына сәттілік тілеймін!

Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалардың дәстүрлі байқауының биылғы бас жүлде иегері бүгінгі қоғам қасіретін суреттеуге талпыныпты.

Есту қабілеті бұзылған интернаттағы зорланған тәрбиеленушінің тағдыры... Бұл кеудесінде жүрегі бар кез келген адамды бейжай қалдырмайтыны анық. Бастапқыда дәл сол күні интернатқа кездейсоқ келген директордың ұлы күдікке ілігуі тұла бойынды түршіктіретін түнгі оқиғаны тым шиеленістіре түседі. Бірақ артынан шындық ашылып ешқандай ақтауға келмейтін мұндай маскара қадамға барған интернат директорының орынбасары екені нақты дәлел-дәйекпен анықталады. Ол



Ғалымжан ЕЛШІБАЙ, журналист:

«МЫЛҚАУ ТҮН» – қоғам қасіретін суреттеген еңбек

оңбаған интернат тәрбиеленушісіне адамды ұйықтататын психотроптық затты қолдану арқылы арам ойын іске асырған. Есту қабілеті бұзылған балалар мылқау түннің тыныштығын бұзған арпалысты қалайша аңғармай қалуының себебі түсінікті. Міне, соңғы кезде қоғам қасіретіне айнала бастаған осындай зорлық-зомбылықты «Мылқау түн» дейтін шығармасына арқау етіп шытырман оқиғаны барынша шынайы бейнелеуге тырысқан жетісулық Гүлден Жылкелдиева Кемел Тоқаев атындағы дәстүрлі детектив шығармалар байқауының биылғы бас жүлдесіне лайық деп танылды. Бас жүлдеге 1 500 000 теңге тігілуі басқа айтулы әдеби байқаулармен деңгейлестігін де аңғартады. Елімізге кеңінен танымал һәм талантты журналист, іскер басшы Досымбек Өтеғалиев тізгін ұстаған «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС ұйытқы болуымен әр жылы әр өңірде өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып жүрген дәстүрлі байқаудың сегізінші мәрте өткізілуі Жамбыл облыстық әкімдігінің қолдауымен осы жылды «Кітап оқу жылы» деп жариялаған қасиетті Әулиеата жерінде орайласа кеткен символикалық тұрғыдан да жарасымды жалғасын тапқан игі тірлік болды.

Бәсі бөлек байқау жүлдегерлері де әр өңірден, әр алуан мамандық иелері. Айталық «Қиыс жол» жайлы жан-жақты қиылыстырып жазған, мамандығы мұғалім тараздық Айзада Кенжемолдаеваның айы онынан туып бірінші орын алды, «миллионер» атанды (жүлде құны 1 миллион теңге). Ал әрқайсысына 750 000 теңге табыс етілген екі екінші орынның біреуін иеленген қызылордалық Алдажар Әбілов осы байқаудың әр жылдардағы тұрақты қатысушысы.



Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ, журналист:

«Шабытыма серпін беріп, қаламыма қарқын қосты»

Қазақ детективінің атасы атанған Кемел Тоқаев атындағы шығармалар байқауы шабытыма серпін беріп, қаламыма қарқын қосты. Бұл — жастарды қолдау мен ынталандырудың тамаша үлгісі.

нын ұғындыруда зор маңызға ие.

Осындай игі бастамалар арқылы ұлттық әдебиетіміз жаңа тыныс алып, әділдік пен адамгершілікке үндейтін туындылар қатары көбейе беретініне сенемін.

Бетті дайындаған Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Өйткені, Шоқан ешқашан сарқылмайтын телегей теңіз талант болып жаратылған жан, оның ғұмыры жалғасқан сайын сансыз қырларымен қанатын жая түсіп, ізденісін жалғастыра беруші еді, мүмкіншілік аясы да молая берер еді деген көзқарасқа сеніммен беки түсеміз.

Бұл пікірімізге бір ғана мысал. Шоқан өмірін байыптап, көңіл қойып, зерделеп жүргендерге жақсы мәлім болуға тиіс, ол айықпас сырқатқа шалдыққанына көзі жеткен соң, сірә, өз жақындарын, әкесі мен анасын, тағы басқа жанашырларын уайымға салғысы келмеген болуы керек, өмірінің ақырғы айларын Алматыға жақын Алтынемел қонысындағы Тезек төренің ауылында өткізеді. Оның да өзіндік себептері бар; Шоқан ажалы жақын екенін білсе де қол құсырып, өлімін күтіп қарап отыруды қаламаған, Тезек төре оның ғылыми ізденісіне бар жағдайды жасаған, және Тезек төренің өзі де үлкен дарын иесі, ақын, айтыскер, әрі тегілген шешен, ел тарихының асқан білгірі болған адам. Осындай жан дүниесі бай адамның жанында болуды Шоқанның жүрегі қалаған

ана ықпалы, орта әсері, халықтық даналық ұлағат, осылардың бәрін бойына ұштастыра білген, жаратқанның бойына дарытқан қасиетін бағалай білген, өзінің еңбекқорлығымен, ізденгіштігімен іске асыра білген, соның арқасында биік өреге, оқшау қабілеттілікке қол жеткізген дарын иесі. Сондықтан, Шоқан феноменін сөз еткенде, оның тәрбие мектебі, алған өнегесі мен ұлағаты туралы сөз қозғамау мүмкін болмас еді.

Бұл орайда, Шоқанды дүниеге әкелген, мәпелеп, бағып-қаққан, алақандарына салып, аялап өсірген, бойындағы бар қасиет, нәрін дарытып, тәлім-тәрбие берген әкесі мен шешесін алдымен атауымыз заңдылық болар. Шоқан бұл тұрғыдан жолы болған жан, оның әкесі Шыңғыс Уәлиханов – қатардағы қазақ емес, қай қырынан алсаңыз да биік деңгейлі адам, әрине, оның патшалық қоғамға қызмет қылғанын, полковник дәрежесіне көтеріліп, аға сұлтан шеніне ие болғандығына қазіргі көзқараспен сын айтуға да болар. Бірақ, Шыңғыс төре сол қызметін халық пайдасына жарата білген, әсіресе өз ұрпақтарына прогресшіл дұрыс бағытта тәрбие бере білген адам. Шыңғыс – қазақтың



ШОҚАННЫҢ ДАНАЛЫҚ ӨНЕГЕСІ

деп пайымдаймыз. Шоқан сырқаты меңдей түссе де зерттеушілігі мен ізденісін жалғастыра берген. Тезек төренің айналасына, оның өзі тәрізді, өнер иелері, білімпаз, бишешендер үйірсек болған, бұлардың бәрі Шоқанның сырқатын ұмыттырғандай болған, данышпан ғалымның өмірінің ақырғы сәтіндегі жан қалауы да осы болса керек. Шоқан күні бойы мәжіліс құрып отырып, араарасында қызықты деректерді түртіп алып отырған. Оның зерделілігіне таң қалып, таңдай қағуға болады, әлдебір көрініс әсер етсе, айнытпай бейнелей қояды екен. Аса шешен, жаратылысынан бөлек Тезек төренің бейнесі оған шабыт берген болуы керек, тура тік қарап отырған және қырынан отырған бейнесін сомдап, қағазға түсірген. Осы өнер туындыларын сурет өнерінің майталмандары аса жоғары бағалап, үздік портреттік бейнелер деп атап көрсеткен. Мұның бәрі Шоқанның, ғалымдығының үстіне, адамның жан дүниесіне терең үңіле білген, кісі танығыштық биік қасиеттерінің айғағы.

Оның талант қырларын толық ашып отырмыз деп тағы айта алмас едік. Қанша Шоқан феноменін ашуға күш салсақ та, көкейімізде бір күмән қалып қоятынын жасыра алмаймыз. Осындайда М. Әуезов: «Сіз Абайды толық таныттыңыз, арманыңыз жоқ шығар? – деп сауал қойғандарға қатты ашуланып: «О не дегенің, шырағым, Абай деген шексіз-шетсіз мұхит емес пе, сол мұхиттан мен көсіп қана ала алдым» – деген екен. Өмір бойы Абайды зерттеген, жазған, әлемге танытқан Мұхтар Әуезов солай десе, біздің Шоқан феномені туралы ойлардың қай деңгейде болатынын өзіің шамалай беріңіз. Дегенмен, ұлыны тануға талаптануға ешкім шек қоя алмайды.

Жарайды, Шоқанның даралық феноменін ашуға талпындық, жетер жеріне жеткізе алмасақ та, қарасын көріп қалған болуымыз керек.

Енді осыдан келіп, өз-өзінен сұрақ туындайды. Шоқан – адамзат тарихындағы айрықша жаратылыс иесі ме, әлде, отбасы, орта тәрбиесінің жемісі ме?

Біздіңше, Шоқан тұлғасында осы екеуі де бар. Академик Н. Веселовский айтқанындай, «Шоқан аз ғана ғұмырында, басқалар бүкіл өмірін жұмсаса да жасай алмағанды жасады». Демек, Шоқанды осындай биіктікке жетуіне айрықша жаратылысы жеткізіп отыр. Дегенмен, адам баласының айрықша жаратылыш, ашылмай өмірден өтуі де аз кездеспейді. Ал бойдағы қабілеттің ашылуына ортаның ықпалы, ата-ана тәрбиесі, асыл тектілік, еңбекқорлық, ізденгіштік, баршасы қосылып, шырқау шыңға жеткізетінін кім жоққа шығарар?!

Демек, Шоқан асыл жаратылыспен қанмен берілетін тектілік, ата-

әйгілі перзенті халық ұнатып, санқырлы дарынына орай, «Серіз сері» деп атап кеткен Мұхаммедқанафия Шақшақұлы шаңырағында қонақшылап отырғанда өзінің тұңғыш ұлы – қазақтың болашақ данасы жарық дүние есігін ашқанда, жүрегі жарылардай қуанып, серінің есімін, «менің тұңғышым осы Мұхаммедқанафиядай халқының сыйлы азаматы болып өссін!» – деп ырымдап қойған екен. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов туралы көлемді зерттеу монография жазған, әрі «Аққан жұлдыз» деп аталатын екі кітаптан тұратын дилогия жазған қазақтың көрнекті жазушысы Сәбит Мұқанов өте қызықты суреттеген. Шоқан өміріне қатысты, бала кезімізден қызыға оқыған кітабымыздың бірі «Аққан жұлдызда» өте қызықты біраз деректер кездеседі, орайы келгенде сөз қылармыз...

Міне, осы мағлұматтың өзінен, Шыңғыстың халық өнерін сүйгенін, бағалай білгенін, жанашыры болғанын аңғаруға болады. Шыңғыс халық фольклорын терең білген, шаңырағына үнемі өнер иелерін, жыршы, қиссашы, термеші, сал серілерді жинап отырған, балаларының ішінде, әсіресе, Шоқаны олардың өнеріне айрықша ден қойған, тіпті, бала кезінен қисса жырларға қызығушылығын танытып, жазып алып жүрген. Шыңғыстың осындай халық өнеріне деген құрметін сырттай байқаған патша үкіметі де оған этнографиялық тапсырмалар беріп, қазақ даласын зерттеп білу мақсатында пайдаланған. Шоқан есейе келе, әкесінің бұл жұмысына да қызығушылық танытып іліп әкеткен. Ешкімнің тапсыруынсыз-ақ халықтың көне мұраларын, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты бұйымдарды жинауға әуестенген. Міне, Шыңғыстың әкелік ықпалы осылайша Шоқанға көп септігін тигізген.

Шоқанның анасы Зейнеп болса, Баянауылдағы атақты Шорманның қызы. Шорманның өзі атақты би болған, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген адам. Зейнеп Баянауыл округының аға сұлтаны Мұса Шормановтың қарындасы болғанда, қай жағынан болса да, аса беделді, әрі ұлағатты ортадан тәрбиеленген тағылымды ана бола білді. Зейнеп ауыз әдебиеті мұраларын жақсы білген, бала Шоқанының құлағына халықтың асыл қазынасын құйып отырған. Шормановтар династиясының абыройы мен беделі ел ішінде аса зор болғандығы белгілі. Және бұл олардың патшалыққа қызмет етіп, шен-шекпенге ие болуына ғана байланысты емес, бұлардың әулеті, әсіресе, Мұсаның би шешендігімен аты шыққан, ол да Шыңғыс Уәлиханов секілді, қазақ өнерін, салт-дәстүрін құрметтеген, тіпті, ақын, өнерпаз, жыршы, тағы басқа салаларда аты шыққан дарын иелерін үнемі қолдап отырған, көзі

қарақты адам болған. Осындай ортадан шыққан Зейнептің тазалығы, дегдарлығы, биік мәдениеті дарынды ұлының бойына дари бергендігін ортасы жақсы білген. Нағашыларының артықша қасиетін Шоқанның өзі де жоғары бағалаған. Әсіресе, Мұса Шорманов Шоқандай жиенінің аса дарындылығына тәнті болып, көп көңіл бөлген, жиі көрісуді қалап, оның терең мағыналы әңгімелерінен сусындауға құмар болыпты.

Шоқан тәрбиесінде айрықша атап өтуге тұратын, тіпті, оның балалық, жастық кезеңдеріндегі тәрбиесіне зор көңіл бөлген адам деп оның Айғаным әжесін атар едік. Айғанымның әкесі Сарғалдақ, С. Мұқановтың дерегі бойынша, Есіл бойын қоныс еткен халыққа сыйлы Мәлім қожаның баласы екен, «Сарғалдақ Қара-Бұқарда отыз жыл оқып, он екі пәнді тәмам қылған, бұл елде теңдесі жоқ ғұлама екен, оның үстіне қараңғы жұрт оның ғайыпты болжайтын әулиелігін «сиқырлы оқумен аспаннан періні түсіріп, жерден жынды буатын» қасиет иесі деп дәріптейді екен. Маңайдағы елдің әрі имамы, әрі емшісі, жұрттың қайыр-садақасы, зекет-ұшыры түгелімен соныкі болып, ақырында атақты байдың біріне айналған екен» – дейді. /С. Мұқанов. «Аққан жұлдыз». 1-ші кітап. Жазушы баспасы. Алматы. 1967 ж./

Міне, осындай өнегелі ортадан шыққан Айғаным Сарғалдаққызының Уәлі сұлтанға қосылу тарихы да қызық. Әлдебір себеппен Сарғалдақтың шаңырағында қонақта болған Уәлінің қырағы көзі бірден байдың еркетотай қызы Айғанымға түсіпті. Бұл кезде Уәлінің бірнеше әйелі болған, жасы да елуді еңсеріп қалса керек. Ал Айғаным болса, он алтылардағы солқылдаған бойжеткен. Бұл шаңырақтан ниеті «бұзылып» аттанған Уәлі бара Сарғалдаққа кісі аттандырып: «Сүйек жаңғыртайық, қызын маған кішілікке берсін» – деп сәлем айтады. Қыздың құнсыз шағы, әрі бір елдің ханына қарсылық айту қайда, Сарғалдақ Уәлінің бірнеше әйелі барын, әрі өзінің едәуір кекселеніп қалғанын біліп, Айғанымны қимағандай болса да, хан беделіне қарсы келе алмапты. Бірақ, Айғанымның ақылдылығы сол, тағдырына мойынұсына отырса да, болашақ күйеуі Уәліге сәлем айтыпты, «мені көп қатын, бәйбішелерінің қатарына қоспасын, жеке қоныс сайласың!» – деп. Айтқанындай-ақ, ақылды Айғаным жасы кіші болғанымен, Уәлі шаңырағында ешкімге тәуелді болмаған, тіпті, көп ұзамай, бостану, баяулау Уәлінің де білігін қолына алғандығы тарихтан белгілі. Және Айғанымның салпы етек көп қатынның біріне айналмай, көзі ашық, көкірегі ояу болып, өз бетінше талпынып, алты тіл, оның ішінде, қызмет дәрежесіне өте қажетті орыс тілін меңгергені таң

қалдырады. Оның қазақ ішінде өзгеше салтты бастап, патша үкіметіне тікелей өтініш білдіріп, арнайы усадьба – қонысжай тұрғызуы да ел арасына аңыз болып тараған. Айғанымға арнайы усадьба тұрғызуға жарлыққа Николай патшаның қол қоюының өзі Айғанымның патша үкіметінің алдында қаншалықты өтімді, беделді болғандығының айғағы. Міне, Шоқан осындай аса беделді, еліне салмағы жоғары, әрі білікті әженің тәрбиесімен өсті. Айғаным да Шоқандай немересінің өзге ұрпақтарынан оқ бойы озық, дарынды болып туғандығын бірден аңғарып, айрықша тәрбиеледі, оған барынша ізденуіне, оқуына ықпал етіп отырды. Ал балаға қаталдау Шыңғыс анасына қарсы келе алмай, айтқанын орындаған. Осылардың бәрінің үстіне, Айғаным білікті атаана, орта ықпалымен тәрбиеленіп шыққан, қазақтың көне жыр қиссаларын, аңыз ертегілерін өте жақсы білген, және ел ішінің өнері асқан би шешендерінің, өнерпаздарының басын қосып, Шоқанының қас өнерге, халықтың төл қазынасына молынан сусындауына мүмкіндік тудырып отырған.

Сонда Шоқан, тіпті, алысқа ұзамай-ақ, өз шаңырағында жүріп те, жан жақты өнеге ала білген, дала кезіп, ойын балаларына қосыла кетуге тіпті, уақыты болмай халқының мол тағылым қазынасына бойлап жүре берген. Әрине, өз кеудесінде, білмекке құмарлық, талап болмаса, нәтижесі күткендей болмасы тағы анық. Сірә, жаратылысынан дарыған қасиеттері Шоқанды халқының қазынасына бойлай түсуге ынтықтыра түскендігі тағы анық.

Шоқан, ең бастысы – осы әке мен шеше тәрбиесі арқылы, аяулы әже өнегесі арқылы, атақты нағашы жұрты арқылы жан жақты ұлағат мектептерінен өтті, туған халқының баға жетпес асыл қазыналы байлық мұраларынан молынан сусындады. Әрі осы тәрбие көздері арқылы халыққа етене жақын болып өсті, әйгілі жыршылардан қазақтың көне жыр қиссаларын тыңдап, көкірегіне токи берді. Би-шешендердің даналық сөздерімен жан дүниесін байыта түсті. Ол кадет корпусына түскенде, орысша тіл білмегендігі болмаса, көкірегі сайрап тұрған сұңғыла, халық қазынасымен суарылып үлгірген құймақұлақ білікті бала болып түсті. Оның осы уақытқа дейін алып үлгерген тәрбие, өнегесі, зейіні мен ынтасы, әрі қарай да білімге деген аранын ашып, құлшындыра түсті. Осыдан болу керек, ол кадет ұстаздарының білімін тез сіңіріп, олардың назарын бірден өзіне аударып алды, тіпті, оның үлкен тәрбие мектебінен өтіп келген айрықша зеректігін, таным көкжиегінің кеңдігін, балалықтан гөрі ересектерге тән көзқарас қалыптастырып үлгергендігін аңғарған көптеген ұстаздары

Шоқанға арнайы программа дайындап, оған айрықша көңіл бөлгендігі туралы онымен бірге оқыған Г. Потанин сияқты дос серіктері естеліктерінде сүйсіне жазған.

Енді бірі – Шоқанның өсу, өрлеу жолдарындағы маңызды фактіге назар аудармауға тағы болмайды. Және бұл факт, Шоқан өмір сүрген патшалық қоғамда да, кеңестік дәуір тұсында да, қасақана бүркмеленіп, ашық түрде айтылмай келді.

Айтқымыз келіп отырғаны, Шоқанның тегіне қатысты, әйгілі ата-бабалары, даңқы жер жарған, жарты әлемді билеген Шыңғыс ханнан бері қарай өрбіген тұқымына байланысты болатын. Ресей империясының Шыңғыс хан династиясын неге жақтырмайтыны түсінікті, өйткені, оның әулетіне Ресей княздықтары бағынышты болып, салық төлеп тұрды. Алтын Орда, Шыңғыс ханның немересі Бату билігі – империяның намысын оятатын жан жарасы болатын. Мұның түбін қазбаласақ, тым алысқа шырқап, ұзап кетеміз, аса күрделі тарих, бұл тарапта бір ғана айтатынымыз, Ресей тарихы әлі күнге дейін Шыңғыс ханның өзі мен ұрпағын қазақ тарихына жуытқысы келмейді, ол моңғол деуден танбай келеді. Ал Шыңғыс ханның түркіден тарайтын қият руынан шыққандығын, Жошыдан бастап, ең атақты ұрпақтарының Қазақ Ордасының шаңырағын кеңейтуге атсалысқанын, өйткені, кейінгі қазақ баласы жайлаған Ұлы Дала өлкесін Қара шаңырағымыз деп танығанын мойындағысы жоқ. Шыңғыс хан мен ұрпағын моңғолдар деп, отаны осы күнгі Моңғолия деп таниды. Ал Шыңғыс ханның ол өлкеде бірде бір хандық құрған ұрпағы жоқтығымен де санасқысы келмейді. Ал Шыңғыс хан болса, осы күнгі қазақ жерін қара шаңырағым деп танып, осы өлкеге өзінің үлкен ұлы, әрі ең сенімді, әрі көреген, жауынгер, ақылды, парасатты деп таныған тұңғыш перзенті Жошыны аттандырған болатын. Шыңғыс хан қателеспегендігін тарих дәлелдеп берді; Жошы хан кезінде дүрілдеген Алтын Орданың негізін қалады, Шағатайы осы күнгі өзбек жерінде Көк Орда шаңырағын тіктеді, қытай жерінде кіші баласы Төле Ақ Ордаға иелік етті. Үшінші баласы Үгедей Қарақорымда Шыңғыстың өз шаңырағында аналарының жанында қалды. Бірақ Шыңғыстың өзге балалары тақ таласымен өзара қырқысып кетті де Жошы ханның әулеті ғана Шыңғыс ханның биік абырой атағын, ата баба даңқын асырған мәртебелі ұлыс құра алды. Оған дәлел сол, Жошы, Алтын Орданы билеген оның ұрпағы Бату, кейінгі Қазақ Ордасының шаңырағын көтеріп, өрісін кеңейткен Керей мен Жәнібек хандар, ескі жолды Есім хан, қасқа жолды Қасым хан, Хақназар, Тәуекел хандар, Әз Тәуке, Абылай хан, қазақтың соңғы ханы Кенесары – баршасы Жошыдан тараған ұрпақтары болатын. Шыңғыс ханның өзге балаларынан тараған ешбір әулеті дәл бұлардай атақ даңқы асып, абырой биігіне көтерілген жоқ, бәрі де тақ таласынан қырғынға батып, ақыр аяғы ыдырап, бөлшектеніп кетті. Әрине, Қазақ Ордасының ішінде де шаңырақты шайқалтқан, ауытқушылықтар, берекесіздіктер болған, бірақ қаншама аласапыран замандар өтсе де қазақ болып ұйысқан жұрт түп тамыр негізін сақтап қалды. Тіпті, Қазақ Ордасы ыдырап, Ресей отаршылдығына мәжбүр болған күнде де елдік қадір қасиетінен айырылған жоқ. Оның бір үлкен дәлелі Шыңғыс хан династиясының атақ даңқын Қазақ Ордасы дәуірінде мәртебесін асырған, үш жүзді біріктіре алған Абылай ханның ұрпағы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов жаңа қоғамда бұл әулеттің абырой атағын дүние жүзіне танытты. Әрине, отаршыл империя жариялап айтпаса да, тіптен мойындағысы келмесе де Шоқанның, өздері жау санайтын Шыңғыс хан тегінен екенін, Ресей мен Қытай сияқты алып мемлекеттердің отаршылдығына бас имеген әйгілі Абылай ханның тікелей ұрпағы екенін жақсы білді. Бірақ, Шоқанның өзін де, халқын да Шыңғыс ханнан, Абылай ханнан, бұл әулеттің өзге текті хандарынан аулақ ұстауға, бұл туралы жарияланбауына, халық арасына, әсіресе, патшалық империя жұртына тарап кетпеуіне күш салды. Бірақ, көзі ашық жұрт бұдан хабардар болатын.

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

(Жалғасы бар)

ПӘРМЕН

СОТ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот шешімі – судья жұмысының ең түпкі нәтижесі. Осы шешімнің сапасына, негізділігіне, жеделдігі мен сауаттылығына қарап азаматтардың судья қызметіне деген құрметі қалыптасады, сот жүйесіне деген сенімі нығаяды. Өкінішке қарай, елімізде сот актілерінің бәрі бірдей талапқа сай орындала бермейді. Оның бірнеше себебі бар.



Сот актілерінің орындау міндеті сот орындаушыларына жүктелген. Сәйкесінше шешімдердің дер кезінде орындалмауына ең алдымен осы лауазым иелері түрткі болып жатады. Мемлекеттік сот орындаушылар мен жеке сот орындаушылар арасында өз қызметіне салғырт қарайтын, өзіне жүктелген құзыретті орынсыз пайдаланып, заңсыздыққа жол беретіндер де жоқ емес. Осындай жауапсыз сот орындаушылардың кесірінен атқару құжаттары орындалмай орта жолда қалып жатады.

Екіншіден, еліміз тәуелсіздік алған сәттен бері құқықтық мемлекет құру бойынша ауқымды жұмыстар жасалғанымен, қоғамда құқықтық мәдениет орнықты деп айтуға әлі ерте. Себебі сот шешімі ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде орындалатыны белгілі. Заңды сыйлайтын, құқықтық тәртіпке бас иетін елде азаматтар шешім қолына тиген сәтте оны өз еркімен орындауға күш салады. Бұл – өзін сыйлау, қарсы тарапқа деген құрмет әрі сот пен сот шешімін

орындауға деген азаматтық жауаптылық. Алайда, бізде кейбір борышкерлердің сот шешімін орындамау үшін түрлі құйтырқылықтар жасап, мекенжайын өзгертіп, тұрғылықты жерін жасыруы, нақты табысын көрсетпей, материалдық, мүліктік залалдарды орындамауға тырысатыны байқалады.

Үшіншіден, борышкерлердің сот шешімін орындауға ниеті болғанымен, мүмкіндігі келмейтін кездері де кездеседі. Себебі бүгінгідей нарықтық заманда белгілі бір мамандық алып, кәсіп меңгерген жандар болмаса, қарапайым азаматтардың тұрақты жұмыс табуы қиын. Ал екі қолға күрек таппаған азаматтар берешегін қайтармақ түгілі, күнделікті қажеттілігіне қаржысы жетпей қиналып жатады. Басында мүлкі жоқ, тұрақты табыс таппайтын азаматтардан не өндіруге болады?

Мемлекеттік органдардың әрекетсіздігі, борышкерге қатысты шектеу шаралары дер кезінде қолданылмауы да негізгі кемшіліктің бірі. Сондай-ақ, техникалық немесе процестік кедергілер, электронды жүйелердің ақауы, құжат айналымының баяу жүруі де өз кезегінде сот актілерінің жедел орындалуына тосқауыл болуда.

Сот шешімін орындамаған тұлғаларға ҚР заңнамасында әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Міне, соның салдарынан да сот шешімдері орындалмай орта жолда қалуда.

Жалпы, сот актілерін орындаудың заңдық тәртібі бар. Ал шешімдер осы заңдық шектерге сай орындалуы үшін сот тарапынан кешенді

жұмыстар жүргізіліп келеді. Соның бірі – сот орындаушылармен арнайы жиындар тұрақты түрде өткізіліп, сот актілерін орындаудағы кемшіліктер мен мәселелер үнемі талқыланып, оларды шешудің жолдары бірігіп зерделенеді. «Кеңескен істе кемшілік болмайды» деп бабаларымыз тегін айтпаған. Көптеген түйткілдер осындай келелі жиындардың арқасында шешімін тауып отырғанын айтқан жөн.

Сонымен қатар, сот актілерін орындаудағы іс-шараларды жетілдіру үшін цифрландыру жаңашылдықтарын пайдаланудың маңызы зор. Бұл шешім орындалу қозғалысын бақылап отыруға, кемшіліктерді дер кезінде реттеуге көмектеседі. Бұған қоса, жеке сот орындаушыларының біліктілігін көтеру, олардың жұмысына жасанды интеллект жетістіктерін қосу кезек күттірмейді. Өйткені, сандық технология мен жасанды интеллект көмегімен борышкерлерді іздеу, олардың тұрғылықты жерін анықтау, табысын білу тетіктері неғұрлым жеңілдей түсер еді.

Ең бастысы, тараптардың құқықтық сауаттылығын көтеру мәселесі әрдайым назарда ұсталуы керек. Заңды білмегеннен зардап шегіп жүрген жандар аз емес. Ал құқықтық сауаты өскен сайын азаматтар заңды бұзбауға, өзіне жүктелген міндетті дер кезінде атқаруға тырысады. Міне, соған орай судьялар жаңа заңдардың артықшылығын, негізгі құжаттарды қолданудың тәртібін, қылмыс пен жазаның аражігін ажыратуға басымдық беріп келеді.

Ақылбек МЕДИЕВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық қылмыстық
істер жөніндегі сотының
судьясы

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЖАНЖАЛ ЖЕКЕ АДАМНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ЕМЕС

Өскемен қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ӘҚБтК) 73-бабы 1-бөлігі бойынша іс қаралды. Сот талқылауы барысында ер адамның тұрғылықты жерінде жанжал шығарып, жұбайының намысына тиетін балағат сөздер айтқаны, тыныштығын бұзғаны анықталды.

Сот жиналған дәлелдемелерді зерттеп, тұлғаны кінәлі деп таныды және 20 сағат қоғамдық жұмыстарға тарту туралы әкімшілік жаза тағайындады. Сонымен қатар, құқықбұзушыға 6 ай мерзімге мінез-құлыққа қатысты ерекше талаптар белгіленді – яғни алкоголь өнімдерін пайдалануға тыйым салынып, ішкі істер органдарына айына төрт рет профилактикалық әңгімеге келіп тұру міндеті жүктелді.

ӘҚБтК-нің 73-бабы азаматтардың отбасы аясындағы тыныштығы мен абыройын қорғауға бағытталған. Бұл бап бойынша егер әрекеттер қылмыстық құрамға жатпаса, ұрыс-керіс шығару, балағат сөздер айту, мүлікті бұлдіру немесе тұрмыстық агрессияның өзге де түрлері

үшін әкімшілік жауаптылық көзделген. Кодекстің 64-бабының 1-1-бөлігіне сәйкес, азамат алғаш рет осындай құқықбұзушылық жасаған жағдайда, жәбірленушімен татуласқан және келтірілген зиянды өтеген болса, сот оны әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін. Алайда, бір жыл ішінде қайта татуласу заңмен қарастырылмаған, сондықтан қайталанған жағдайда сот міндетті түрде жаза тағайындайды.

Сот тұрмыстық жанжал, балағат сөздер мен отбасы мүшелеріне құрметсіздік көрсету – бұл жеке мәселе емес, әкімшілік құқықбұзушылық екенін еске салады. Мұндай істер бойынша қолданылатын жазаның мақсаты – тек жазалау емес, сонымен бірге құқық бұзушылықтың қайталануының алдын алу және отбасындағы тыныштықты сақтау болып табылады.

Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық соты әкімшісінің басшысы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

Қоғамдағы тұрақтылық пен әділдіктің басты кепілі – заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтарының қорғалуы. Өкінішке қарай, бүгінде зорлық-зомбылық мәселесі өзектілігін жойған жоқ. Ол тек жеке тұлғалардың тағдырына ғана емес, тұтас қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін қауіпті құбылыс болып отыр.

Зорлық-зомбылық тек физикалық әрекетпен шектелмейді. Оның түрлері сан алуан. Соның ішінде физикалық зорлық-зомбылық – денсаулыққа қасақана зиян келтіру, ұрып-соғу, күш қолданумен сипатталса, психологиялық зорлық-зомбылық – қорқыту, кемсіту, ар-намысқа тиетін сөздер айтумен байланысты. Экономикалық зорлық-зомбылық – адамның қаржылық еркіндігін шектеу, материалдық ресурстарын тартып алуға негізделсе, жыныстық зорлық-зомбылық – адамның еркіне қарсы жасалған кез келген жыныстық сипаттағы әрекеттерден көрінеді.



Зорлық-зомбылық әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершіліктен бастап, қылмыстық жазаға дейін қарастырылған. Сот тәжірибесінде мұндай істердің басым бөлігі отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында туындайды. Сондықтан да мемлекет бұл бағытта құқық қорғау

ескерту берілсе, 7 адамға әкімшілік айыппұл салынып, 51 іс бойынша әкімшілік қамau жазасы берілген. Қылмыстық кодекстің 108-109-баптарымен отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында 4 қылмыстық іс қаралған, 1 іс бойын-

ша айыппұл жазасы қолданылып, қалған істер жәбірленуші мен айыпталушының татуласуына байланысты тоқтатылған.

Заңмен күресуден бөлек, зорлық-зомбылықты болдырмаудың тағы бір маңызды жолы – қоғамдағы құқықтық мәдениетті көтеру. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, балаларды өзара сыйластыққа тәрбиелеу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру – зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі тетіктері.

Зорлық-зомбылық – жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дерті. Онымен күресу тек құқық қорғау органдарының немесе сот жүйесінің міндеті емес, бұл – баршамыздың ортақ парызымыз. Әрбір азамат заңды сыйлап, өзгенің құқығын құрметтеген жағдайда ғана қоғамда әділеттілік пен бейбіт өмір орнығады.

Ақмарал НҰРҰДИН,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН



«СТАЛКИНГ» – ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ БІРІ

Қоғам алға жылжыған сайын заңдардың да өзгеріп, толықтырылып отыруы қалыпты құбылыс. Биылдан бастап Қылмыстық кодекске де маңызды жаңашылдықтар енгізілді. Мұндағы негізгі басымдық еліміздегі қылмыстық заңнаманы оңтайландыруға, сотталғандардың құқықтарын қорғау тетігін жандандыруға бағытталған. Сонымен бірге, осы өзгерістерге сәйкес Қылмыстық кодекс жаңа бірнеше қылмыстық құраммен толықтырылып отыр.

Осы өзгерістердің негізгісі – «мәжбүрлі неке», яғни қыз алып қашу үшін бөлек жауаптылықтың қарастырылуында. Қазақы өңірлерде танымайтын, сыртынан көріп ұнатқан қыздарын еркінен тыс, күштеп алып қашу жағдайлары әлі де кездеседі. Бұл адам құқығын бұзу, қыз баланың елсіздігін пайдалану. Осындай көрінеу заңсыздықтың кесірінен қаншама қыздарымыздың тағдыры бүлініп, өмірі өзгеріп жатыр. Бұған дейін мұндай заңсыздық үшін Қылмыстық кодекстегі адам ұрлау бабы қолданылатын. Ал қыз алып қашу әрекетін даралап, жауаптылықты жеке бап ретінде бекітудің өзіндік маңызы бар. Зайырлы, құқықтық мемлекетте адам құқығы, оның ішінде аруларымыздың құқығы тапталмауы керек. Мұндай арнайы баптың енгізілуі қыз алып қашуды қылмыс деп емес, ата-бабамыздың салты деп түсініп жүргендердің сауатын арттырып, жауаптылығын көтеругі тиіс.

Қылмыстық кодекстегі «Сталкинг» те жаңашылдықтың бірі. Бұл тетіктің де заманауи қажеттілікке сай қолға алынғаны белгілі. Себебі бүгінгідей ақпараттық заманда заңсыз қудалау, техникалық құралдарды пайдалана отырып адамның ер қадамын қадағалау, қорқыту, жеке өміріне араласу, әлеуметтік желілер мен коммуникациялық құралдар арқылы мазасын алу, жәбірленуші туралы ақпаратты оның келісімінсіз тарату секілді әрекеттермен жиі бетпе-бет келіп жүрміз. Бұған дейін Қазақстанда азаматтарды сталкингтен қорғауға бағытталған арнайы бап болмаған еді. Тек жеке тұлғаларды аңдып, қысым көрсеткендерге әрекетіне қарай, мысалы қауіп-қатер төнесе Қылмыстық кодекстің 115-бабы, жыныстық қудалау орын алса кодекстің 123-бабы, қорлау орын алған жағдайда кодекстің 131-бабы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық бұзылған ретте кодекстің 147-бабы, сондай-ақ ақпаратқа заңсыз қол жеткізуге жол берілген болса кодекстің 205-бабы қолданылып, жаза тағайындалатын еді.

Жаңа өзгерістерге орай енді сталкинг үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 115-1-бабына сай белгіленеді. Заңнамада дәйектелгендей, мұндай әрекет үшін азаматтарға алғаш рет 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынып, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамauға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік берілуі мүмкін. Егер сталкинг зорлық-зомбылық, қорқыту, бопсалау, жеке өмірге қол сұғумен байланысты болса, іс-әрекеттер Қылмыстық кодекстің басқа баптары бойынша қосымша сараланатын болады. Сталкинг бабы бойынша қылмыстық қудалау нақты зиян болған кезде басталатынын білу маңызды. Мысалы, жеке өмірге қатысты құқықты бұзу, қозғалыс еркіндігін шектеу немесе психологиялық қысым. Мұндай жауапкершілікті енгізудің негізгі мақсаты – жәбірленушілерді ерте кезеңде қорғау және зорлық-зомбылық пен агрессивті мінез-құлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру екенін түсіну маңызды.

Бүгінде Қылмыстық кодекстегі жаңа өзгерістерді халыққа жеткізу, ақпараттандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Гүлфайруз ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТЕК ФИЗИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТПЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Шыны керек осыдан бірнеше жыл бұрын көпшілік әлеуметтік дүкенге кіре де бермейтін. Әлеуметтік дүкендерге деген көзқарас қазір мүлдем өзгерді. Елдер бұл дүкендер желісін қазір іздеп жүріп баратын кез келгендей. Мемлекет бастамасымен қолға алынған бұл жобалардың мақсаты – халықты тиімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету. Түркістан облысы әкімшілігі бастамасымен жүзеге асып жатқан бұл жоба аясында әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі өнім дүкен сөрелеріне қойылған.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНДЕРГЕ
СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда әлеуметтік дүкендер халықтың күнделікті тұтынатын ең қажетті азық-түлік тауарларын төмен бағада ұсынып жүр. Кентау қаласында 6 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Оның біреуін жалға беруге конкурс жарияланған. Алдағы уақытта тағы бір жер телімі анықталып, «Әлеуметтік дүкен» ашылады деп жоспарландырып отыр.

Әрқайсысының аумағы – 50 шаршы метр. Әлеуметтік дүкендерде нан және 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы нарықтан 40-50 пайызға төмен сатылады. Мәселен, нан бөлексі 70 теңгеден, қырыққабаттың келісі 65 теңгеден болса, картоп 130 теңге, сәбіз 110 теңгеден, жұмыртқа данасы – 43 теңге, сиыр еті – 2000 теңге, тауық еті – 970 теңге, сүт – 370 теңге, сары май – 2300 теңге, сүзбе 1300 теңгеден халыққа ұсынылып жатыр.

Әлеуметтік дүкендерде азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да байқалады. Сауда үстемесі мен негізсіз баға өсіруді бақылау және алдын алу бағытындағы шаралар «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-мен күшейтілген. Азық-түлік тауарлар жәрмеңкесі жыл басынан бері аптасына 1 рет сенбі күні тұрақты түрде өткізіледі.

Әл-Фараби көшесі №47, № 6 әлеуметтік дүкендер орналасқан мекеңжайға біз де бас сұқтық. Сатып

алушылардың көбі ұн, күріш, жұмыртқа, шемішке май, картоп алып жатыр. Осы шағын ауданның тұрғыны Мунира апай дүкенге жиі келетінін айтады.

– Үйде кішкене немерем бар. Бірақ оны жұмсауға қорқамын. Бесінші қабаттан түсіп, өзім келемін. Күннің ыстығында қайта-қайта келуге денсаулығым көтермейді. Келінім жұмыстан шыққанда бұл дүкен жауып кетеді. Олар жұмыстың жанындағы дүкеннен қымбат бағаға шемішке май, жұмыртқа әкеледі. Ал үйдің жанында одан арзан әрі ірі жұмыртқалар сатып жатыр. Сондықтан ыңғайы болса, өзім келуге тырысамын. Ақшамыз жетпесе, жаздырып та аламыз. Бүгін, міне күріш, шемішке май, тауық етін алуға келдім, – дейді ол.

Сатып алушылардың ұнды 5 келілеп, ал майды 1 литрлеп, жұмыртқаны 15 данадан, картоп пен пиязды 3 келіден алып жатқанын байқадық. Тұрақты тұтынушылардың айтуынша, ұнның сапасы қазір жақсарған. Картоптың майдалылығына қарамастан алып жатқандар бар.

Адам аяғы азайғанда дүкеннің сатушысы Ләззат апаймен тілдесудің сәті түсті.

– Бұл дүкенде қай кезден бастап жұмыс жасайсыз?

– Бір жарым жылдан асты, осы Әлеуметтік дүкенді алып жұмыс жасап келе жатқанымызға. Дүкеннің иесі – өзім. Жолдасым маған көмектесіп, қажетті заттарды алып келеді. Үйім де жақын жерде орналасқан.

Осы жердің тұрғындарының басым бөлігі түскі үзілісте жұмыстан келе жатып қажетті азық-түлігін сатып алады, сол үшін күйеуім екеуіміз кезектесіп тұрғандықтан түскі үзілісте дүкенді жаппаймыз. Біздің тұрақты сатып алушыларымыз да дән риза. Әрине, тұрғындардың алғысына бөленгеннің өзі бір ғанибет.

– Сіздердің жұмыстарыңызды, әлеуметтік азық-түлік бағасының тұрақтылығын кім тексереді?

– «Түркістан» әлеуметтік-кәсіп-

керлік корпорациясы тексеріп, бағаны бақылап отырады. Олар ең алдымен дүкеннің тазалығына мән береді, сөрелердегі тауарлардың толық болуын қадағалайды. Кәсіпкерлікпен келісімге отырғанда біз 19 түрлі әлеуметтік тауарды және көтерме базардан алып келген өзіміздің өнімді сатуға құқылымыз. Кәсіпкерлік пен әкімшілік бізге дүкен мен жерді тегін пайдалануға береді. Ал біз секілді дүкен иесі мына жерді қалай әрлеймін десек де өз еркімізде. Мұнтаздай таза ұстап, тауарды толтырып, келушілермен мәдениетті түрде сөйлессек, саудамыз да қызады.

– Қантқа талас басылған сияқты?

– Иә, жаздағыдай емес. Алушылар азайды. Маусымдық кезеңде қантқа талас болатын. Оның үстіне қанттың бағасы бірден 440 теңгеге қымбаттады. Ал, қазір ондай сұраныс болмағандықтан баға 390 теңгеге төмендеді.

– Әр тұтынушыға белгілі мөлшермен берілетін азық-түліктер бар. Бірақ жаңа байқағандай, сатып алған апаға кей өнім түрін мөлшерден асырып бердіңіз? Соның себебін білсем бола ма?

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінен бөлек өзіміз көтерме базардан алып келетін заттар бар. Сол заттарды адамдар қалағанынша ала береді. Оған шектеу қойылмайды. Бұл апа өзі келіп, әлеуметтік заттар алады. Күздің салқыны басталған кезде апаны бір келі зат үшін қайта-қайта сандалтым келмейді. Біздің дүкен ашылғалы бері зат алатын тұрақты клиенттер жағдайын айтып түсіндірсе, нәліктен бермеске.

Кәсіпкер Ләззат Әшірбаеваның адамгершілігіне және мәдениеттілігіне сүйсіндік. Осы ауланың тұрғындары туысындай болып кеткен сыңайлы. Хал-жағдай сұрасып, әңгімесін де айтып үлгеріп жатыр. Мен өз кезегімде Ләззат апайдың кәсібіне береке тіледім.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР
МӘДЕНИЕТІ МАҢЫЗДЫ ФАКТОР

Сот отырысындағы тәртіп процестік нормаларды нақты сақтау арқылы, сондай-ақ барлық сот отырысына қатысушылардың сот әдебі нормаларының сақталуымен (соттың; іске қатысушы адамдардың; іске басқа да қатысушылардың) жүзеге асады. Сот талқылауының жалпы шарттарына заңмен анықталған сотты құрметтеу және істі қолайлы қарау мүмкіндігін қамтамасыз ететін сот отырысының тәртібі жатады.

Сот отырысындағы тәртіпті сақтау төрағалық етуші судьяға жүктеледі. Сот талқылау басшылығын жүзеге асырады, тиісті процесті ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Сот процесінің мәдениеті – судьялардың және сот мамандарының, іске қатысушы адамдардың, сонымен қатар процеске қатысушы басқа да тұлғалардың заң талаптарын мүлтіксіз сақтауында.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 187-бабына сәйкес сот отырысындағы тәртіпте судья сот отырысы залына кірген кезде сот шешімі, ұйғарымы оқылған кезде залдағы қатысып отырған адамдар орындарынан тұрады. Түсініктемелер мен айқаттарды, сұрақтар мен оларға жауаптарды процеске қатысушылар төрағалық етушінің рұқсатымен орнынан тұрып береді. Бұл қағидадан ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол

берілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар ортақ тәртіпті сақтауға міндетті делінген.

Істі талқылау кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды. Іске қатысатын адам қайталап тәртіп бұзған жағдайда сот ұйғарымы бойынша сот талқылауының барлық сәтқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ



Арайлым КАПЕШОВА,
Қостанай облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты
әкімшісінің басшысы

сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер үшін сот жиырма АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген сот актісін немесе соттың талаптарын орындамаған кезде сот тұлғаға он айлық есептік көрсеткіш көлемінде ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Бұл шаралар процесті тиімді және уақытылы өткізуге, әкімшілік істерді қарау тәртібін сақтауға, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты нығайтуға бағытталған.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АЛҚАБИЛЕРГЕ
ЖҮКТЕЛГЕН
МІНДЕТ ЖОҒАРЫ

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарайды.



ҚР Қылмыстық кодексінің 116 (екінші және үшінші бөліктерінде), 125 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 128 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 132 (бесінші бөлігінің), 135 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 146 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 160, 163, 164 (екінші бөлігінде), 168, 249 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 335 (төртінші бөлігінде), 337 (төртінші және алтыншы бөліктерінде), 345 (төртінші бөлігінде), 345-1 (төртінші бөлігінде), 346 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 380-1- (екінші бөлігінің 6) тармағында) баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді де сот алқабилердің қатысуымен қарайды.

Бірақ, аса ауыр қылмыстар туралы істердің кейбір құрамдары аталған тізімге енгізілмеген, оларға төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру (1), бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (2), террористік және экстремистік қылмыстар (3), соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар (4), қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар (5) және соңғысы кәметке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы (6) аса ауыр қылмыстар туралы істер.

Тағы бір ерекшелік, егер іс бойынша бірнеше адам айыпталса, олардың ең болмағанда біреуі қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, соттың оны алқабилердің қатысуымен қарауы барлық сотталушыларға қатысты осы бөлімде көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заң – «Алқабилер туралы» заңы (2006 жылғы 16 қаңтардағы). Мемлекеттік органдар ҚР заңдарына сәйкес алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін қалыптастыру үшін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесіне мәліметтер ұсынуға міндетті.

Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған, өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар, судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар, өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар, алпыс бес жасқа толмаған адамдар және діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады.

Сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың дәлелсіз себептермен келмей қалуы ел заңында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен заңға тиісті мөлшерде сыйақы төлейді.

Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін Қазақстанның заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі. Сонымен қатар, алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады.

Ал алқабидің міндеттерін атқару кезінде, оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді, осы себептермен сот алқабилерді іріктеу сатысында алқабиге кандидаттың жұмыс орны туралы ақпаратты толығымен сұратып алады, себебі кейбір қызметкерлер, жұмыс орнын тастап кете алмайтындай жағдайлары болып жатады.

Сотта міндеттерін атқару кезінде алқабидің тәуелсіздігі сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен және сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне кімнің болса да араласуына жауаптылық қауіп арқылы тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

Ал алқабиге міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін тұлғалар Қазақстанның заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Дархан БЕЙСОВ,
Ақмола облысы қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ТӘРБИЕ – ӨРКЕНИЕТ КЕПІЛІ

Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің басты тірегі – заң мен тәртіп. Бұл ұғымдар әрбір азаматтың күнделікті өмірінде ерекше орын алуы тиіс. Заңды сақтау – қорқыныштан емес, азаматтық сана мен жауапкершіліктен туындаған әрекет болуы қажет. Ал тәртіп – адамның ішкі мәдениеті мен парасат-пайымының көрінісі. Заң мен тәртіпке бағыну – нағыз азаматтық ұстанымның, рухани кемелдіктің және әділдікті қадірлеудің белгісі.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛДІКТІҢ НЕГІЗІ

Әділетті Қазақстанның бүгінгі даму бағыты да осы құндылықтармен сабақтас. Заң, тәртіп және жауапкершілік – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі кепілі. Бұл қағидаттар елдің егемендігін, аумақтың тұтастығын сақтап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елімізде заң үстемдігін нығайту, сот төрелігінің әділдігін арттыру бағытында жүйе-

лі реформалар жүргізілуде. Мемлекет басшысының бастамасымен сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғыртуға баса назар аударылып отыр. Бұл өзгерістер – қоғамның берік іргетасын қалыптастырып, заң мен әділеттің салтанат құруына жол ашады. Заң мен тәртіптің әлсіреуі – қоғамның іргесін шайқалтатын қауіпті құбылыс. Тәртіп бұзылған ортада сенім мен ынтымақтастық жойылып, қақтығыстар мен арандатушылықтар туындай-

ды. Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ борышы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге ерекше назар аударып: «Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдіске бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркенietті болады. Бұл – зандылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, береке-бірлік те, бақуатты тұрмыс та болады», – деп атап өткен еді. Сондықтан әрбір азамат заң мен тәртіпті басты құндылық ретінде қабылдап, елдің әділетті әрі тұрақты дамуына өз үлесін қосуы тиіс. Президенттің тағы бір сөзі осы ойды толықтырады: «Біздің қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз» – деген еді.

Құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі – әділетті қоғамның негізі.

Әр азамат өз құқығы мен міндетін білсе, өзге адамдардың да құқықтарын құрметтей біледі. Сондықтан мектептен бастап жоғары оқу орындары мен жұмыс орындарында құқықтық тәрбие мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру – маңызды міндет.

Құқық жүйесінде маңызды ұғымдардың бірі – жәбірленуші. Ол – құқық бұзушылықтың салдарынан моральдық, мүліктік немесе дене зиянын шеккен тұлға. Заң жәбірленушінің өз құқығын қорғауға, сотқа жүгінуге және өтемақы талап етуге толық мүмкіндік береді. Мемлекет те мұндай азаматтарға құқықтық және психологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Заңды сақтау – әділеттіліктің өзегі, ал әділетті қоғамда заң – теңдік пен тәртіптің кепілі екенін білеміз. Құқықтық мемлекеттегі әділеттілік – барлық әлеуметтік қатынастардың реттелу тетігі болып табылады. Осы тұрғыда заңның орындалуы – азаматтың жауапкершілігі мен ар-намысының өлшемі.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке

бас иген құл болмайды» деген қанатты сөзі – осы ұғымның терең мәнін ашады. Әділет пен тәртіп – адамзат өркениетінің мәңгілік құндылықтары. Ежелгі ойшылдар да бұл туралы ерекше атап өткен: Аристотель: «Әділет – адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін ең ұлы қасиет», ал әл-Фараби: «Әділетсіз мемлекет ұзақ өмір сүрмейді», – деген.

Сондықтан заң мен тәртіпті сақтау – тек қоғамның емес, әр адамның ар-ожданы мен азаматтық парызы. Әділдік үстемдік еткен елде ғана тұрақтылық пен өркендеу болмақ. Осы бағытта мемлекет пен қоғам дамуының кепілі болып саналатын заң мен тәртіпті басты құндылық ретінде ұстанып, мемлекетімізде әділеттілік пен тұрақтылықты орнықтыруға әр азамат өз үлесін қосуға міндетті.

Б.ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ТАРАТУ

2. «GAC Kazakhstan» (ДжиЭйСи Казахстан) ЖШС (БСН 080640016130) мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Заветная көшесі, 31-үй, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 162-үй, 132-пәтер. Тел. +7 701 098 68 93.

4. «Болашақ» Университетінің кәсіби мамандыққа оқыту орталығы мекемесі, (БСН 120340014490) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 31-үй.

5. «Болашақ Medical clinic» ЖШС (БСН 240340019743) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сол Жағалау шағын ауданы, 115-ғимарат.

6. «New Invest Group» ЖШС (БСН 090640002767) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 34-ғимарат, «Capital Tower» БО, 14 қабат.

7. «QUALEVITA QZ» ЖШС (БСН 241140003841) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050014, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 23-ғимарат, тел.: +7 747 949 18 68.

8. «Рекламное агентство «RESPECT» ЖШС (БСН 100640004649) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 44А үй, тел.: +7 747 949 18 68.

10. «ЯНОЛЕС» ЖШС (БСН 220940008171) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қаласы, Карбышев көшесі, 64/1-үй.

14. «ФЕДЕРАЦИЯ ДЖИГИТОВКИ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ» ҚҚ (БСН 231040033659) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Темірқазық көшесі, 47 үй, тел.+7 777 225 2351.

16. «Bar LION» ЖШС (БСН 230640032195) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050062, Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/8, н.п.8 , тел. +7 777 223 7614.

17. «Very Nice Day» ЖШС (БСН 230640032928) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050062, Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/8, н.п.8, тел. +7 777 223 7614.

18. «J.K Corporation» ЖШС (БСН 170340029597) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Бекболат ауылы, Жамбыл көшесі, 53 үй. Тел.: +77021691117.

19. «TIVESTA» ЖШС (БСН 090540018762) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 187, 419А-кеңсе, тел.: 8 771 574 0003.

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласында мемлекеттік қызметтер көрсету туралы

Елімізде мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесі белсенді түрде оңтайландырылуда. Қазақстан Республикасы Президенті атап өткендей, «Халыққа мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру – коррупцияға қарсы күрестің және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттырудың маңызды аспектісі». Сондықтан мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мәселесі тұрақты бақылауда. «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» №ҚР ДСМ-220/2020 ҚР ДСМ 2020 ж. 30.11. бұйрығымен бақыланатын объектілер жоғары эпидемиялық маңызды және эпидемиялық маңыздылығы аз объектілерге бөлінеді.

Жоғары эпидемиялық маңызды объектілерге 38 қызмет түріне жататын объектілер кіреді, олардың арасында жиі кездесетін объектілер:

- барлық түрдегі балаларға тәрбие беру және оқыту объектілері;
 - балалар мен жасөспірімдердің барлық түрдегі және типтегі тұрақты оқу орындары;
 - ұйымдастырылған ұжымдардағы қосымша тамақтану және сауда объектілері;
 - азық-түлік өндірісі объектілері;
 - денсаулық сақтау объектілері және т.б.
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен 30.12.2020 ж. Әуезов ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына келесі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:
- «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін жоғары эпидеми-

ялық маңызды объектіге санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 13 жұмыс күні;

- «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласында мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын азық-түлік өндірісі объектісіне есептік нөмір беру. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 5 жұмыс күні;

- «Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті рұқсат етілетін шығарылымдары мен төгілімдері, санитарлық қорғау аймақтары мен санитарлық-қорғаныш аймақтары, жаңа шикізат пен өнімдерге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін жобалық құжаттамаға санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 10 жұмыс күні;

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алу туралы өтініш объектінің орналасқан жері бойынша «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі: www.egov.kz. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беріледі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауап беріледі.

Статистикалық деректер: Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет 2025 жылдың 9 айында 294 мемлекеттік қызмет көрсеткен. Мемлекеттік қызметтердің 100 пайызы «Е-лицензиялау» мемлекеттік база деректері ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде көрсетілді, оның ішінде берілген – 209, бас тартқан – 85.

Түрлері бойынша:

- Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкес ке-

летін (сәйкес келмейтін) объектіге санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру» - 251 (берілген - 167, бас тартқан - 84);

- «Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті рұқсат етілетін шығарылымдары мен төгілімдері, санитарлық қорғау аймақтары мен санитарлық-қорғаныш аймақтары, шикізат пен өнімдерге жобалық құжаттамаға санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру» - 43 (берілген - 42, бас тартқан - 1);

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы бұзушылықтардың алдын алу:

- Ай сайын және тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі, сондай-ақ жоғары тұрған органға және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға есептер жіберіледі;
- Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы бойынша ішкі бақылау тұрақты түрде жүргізіледі. Ішкі бақылаудың мақсаты мемлекеттік қызметтерді қолжетімді, ашық және уақытылы көрсету.

Сонымен қатар, біздің аудан мамандары мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша халыққа тұрақты түрде түсіндіру, кеңес беруде, қажет болған жағдайда Алматы қаласы Жетісу-3 шағын ауд., 64-үй мекенжайы бойынша жүгінуге болады.

Алматы қаласы Әуезов ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы
А. Б. Исембаева
Алматы қаласы Әуезов ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметті жоспарлау және талдау бөлімі басшысы Абишева Айсара Маратқызы

13. «Danone Berkut» ЖШС, ӨЭБ, ҚББ, ҚОҚЖ бойынша атмосфераға ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылары (ШРШ) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

15. «Zhana Way» ЖШС (БСН 220840021849) өзінің жарғылық капиталын 1 000 000 (бір миллион) теңгеге дейін азайтатыны туралы кредиторлар мен мүдделі тұлғаларды хабардар етеді. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 3, н.п.1.

МҰРАГЕРЛІК

11. 25.07.2025 ж. Байдилдаева Камка Каюповнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус А.С.Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулеріңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

9. Алматы қалалық соты, Алматы қаласы бойынша Судьялар одағының филиалы Алмалы ауданының №2 аудандық сотының судьясы Қарлығаш Құдайбергенқызы Сарсеноваға әкесі

Құдайберген Бекпенбетұлы САРСЕНОВТЫҢ

мезгілсіз өмірден озуына байланысты қайғырып көңіл айтады. Осындай ауыр сәтте отбасыңыздың қайғысына ортақтаса отырып, сабыр мен берік сенім, бекзат төзім тілейміз. Артында қалған ұрпағына ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, береке-бірлік тілейміз. Алдағы уақытта отбасыңызда тек жақсылықтар болғай.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIOPOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8772-28-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Әуеден жерге қонғанша Сараның жаны шығып кете жаздады. Көзі мөлдіреп шарасыз күйде қалған сіңлісін көруге асықты. Таксиге міне сала, есту мен сөйлеу қабілеті жоқ балаларды арнайы оқытатын мектеп интернатқа келді. Барлығын төңкеріп, астаң-кестең қылып жіберетін күші де бар еді. Бірақ ізін суытпай, «зорлықтың болғаны туралы шағымдануды тездету керек» деп ашуын ақылға жеңдірген.

Бір бұрышта бүрісіп, жүзі бозарып кеткен сіңлісі Мәруаны көргенде жүрегі тоқтап қала жаздады.

– Қалай дәттері барды екен сені қорлауға?! Жаным ау, – деп құшағына қысқаны сол еді, өзі де әрең тұрған мылқау қыз аңырап қоя берді. Таңнан бері үндеместің шын сөзін жалғанға айналдырғысы келгендердің де жүрегі бір уақытқа болса да жібіп, боздап көріскен апалы-сіңлілі екеуге қарап, көздеріне жас алды.

– Директорларыңыз қайда?– деп айқайлады.

– Ол кісі әлі келмеді, сәл күтсеңіз 3-4 минутта келіп қалады, – деді орынбасарлардың бірі. Мылқау қыздың әпкесі не дерін білмей «Сөзім жоқ сендерге» деп сұлқ отыра қалды. Мәруа Сараның қолынан тартып:

– Мына жерден кетейікші, енді келгім келмейді. Көргім келмейді мына қабырғаларды! – деп жан-жағына бір қарады да, солқ-солқ жылады.

Бұл істі қалалық ІІД тергеу басқармасынан өз саласының білгірі аға тергеуші Қайсенов Абылай Әзімханұлы қарайтын болды. Жасы 45-те. Өмірде сабырлы адам көрінгенмен, қылмысты зерделеген кезде басқа Абылайға айналып кететіні бар. Ол мінезі қылмыскер үшін қауіпті болғанымен, адамзат үшін пайдалы. Шындық су бетіне шыққанша жанын қоярға жер таппай кететіні бөлек әңгіме. Дәл осы тергеуші мылқау қыздың мұңын тыңдады.

Мылқау Мәруа қолдарын арлы-берлі сермеп, тоқтамай өзі тілінде сөйлеп жатты. Әпкесі тергеушіге аударып, түсіндіріп тұрды.

– Түнде не болғанын білмеймін. Жаныма батып, денем ауырса да көзімді аша алмадым. Оянайын деп талпындым. Бірақ басымды көтере алмай қиналдым. Оның демі, аузынан шыққан иісі әлі де мұрныма келіп тұрғандай. Ары қарай не болғанын білмеймін. Оянған кезде өздігімнен тұра алмадым. Жатқан төсегімнің тақтайын тақылдатып тәрбиешіні шақырдым. «Не болып қалды таңнан, әлі күн шығып үлгерген жоқ! Жатпайсыңдар ма тыныш!» деп ұрса жөнелді. Ұйқысын бұзып жіберген сияқтымын. Өте бір қиын кісі өзі. Тұруға көмектесті. Төсекке қарап: етеккіріңнің келетінін білмей қалғаның ба? – деді көзі бағжаңдап.

– Жоқ, олай емес! – дей беріп едім:

– Саған не болған! Тазалыққа тақдай едің ғой, – деп тағы сөйледі. – Мені зорлаған сияқты, – дедім денемді әрең тіктеп.

– Ойбай, не дейсің?! Отырмыз ғой осында ұйықтамай күзетіп. Жынды болып қалдың ба? Ондайды атама, – деп душқа апарды. Өзі дереу біреуге хабарласты. Арырақ кетіп сөйлесті. Тұла бойым жаурап сіресіп тұрған соң, суға түспей, дәретханаға тығылып Астанадағы әпкеме хабарластым. Бары сол.

– Сонда қылмыс кеше түнде, яғни 12 сәуір күні болған ғой, – деп тергеуші нақтылады.

– Ести сала алғашқы рейспен келген бетім осы,– деді Сара.

– Ата-аналарыңыз бар ма?

– Әкеміз бала күнімізде қайтыс болған. Ал анамыз ковид кезінде қайтты. Бұл қызды маған аманаттаған еді. Өзі де бір қырсық қой. Астанаға жұмыс бабымен ауысқан кезде, алып кетейін деп едім. Келіспей қойды. «Алматыдан оқуымды аяқтай салайын» деді. Егер жанымда жүрсе, ең құрымағанда бір қалада жүрсе

бұндай қорлыққа душар болмас па едік?

– Ой, кешіріңізші! Артық әңгіме айтып кеттім бе? – деп Сара ішінде қайнап жатқан ойын сыртқа шығарған.

Абылай Әзімханұлына бірі ымдап, екіншісі жылап тұрып жеткізген әңгіме таусылғанда, сұңғақ бойы сәл бүгіліп, үстел үстіндегі арызға қараған кезде, ашық жүзі сұрланып кетті. Мәруаға тіке қарап: – Белгілі бір адамнан күмәнданасыз ба?

– Жоқ, – деді басын шайқап. Бірақ сол ештеңе білмегеніне өзін кінәлі сезінгендей жанарын жерден алмады.

– Жәбірленушіні дереу сот-медициналық сараптамаға жібереміз. Бұл

Директор орта жастағы, толықша келген әйел екен. Үстел үстіндегі қағаздарын асығыс жинастырып сәлемдесті.

– Абылай Әзімханұлы, қалалық ІІД тергеушісі, – деді ол куәлігін көрсетіп. – Бізде осы мектептің оқушысына қатысты арыз тіркелді. Сізбен сөйлесуіміз керек.

Директордың жүзі қуарып кетті. – Мәруа ма? – деді күмілжіп.

– Иә. Сіз жағдайдан хабардарсыз ба?

– Мен тек тәрбиешілерден естідім. Сөйлесіп үлгермедім. Әпкесі келіп алып кетті ғой. Шын ба екен өзі? – деп сөзін әрең құрастырды.

– Сіз директорсыз. Мектеп аумағындағы әрбір бала – сіздің жауапкершілігіңізде. Оқушы зорланға

МЫЛҚАУ ТҮН



іс үшін негізгі дәлелдердің бірі, – деді Абылай Әзімханұлы.

Сараның жүрегі шым ете қалды. – Қорықпаңыз, – деді тергеуші жұмсара сөйлеп. – Онда дәрігерлер жарақат белгілерін, киімдегі іздерді, биологиялық үлгілерді тексереді.

Екі жағынан екі полиция қызметкері ілесіп отырды. Сара сіңлісінің қолынан ұстап, бір сәтке тоқтады:

– Бәрі жақсы болады, Мәруаш. Сен ештеңеден қорықпа. Ол оңбағандар сазайын тартады әлі! – деді.

Сот-медициналық орталықтың есігіне жеткенше қыздың жүрек дүрсілі анық сезіліп тұрды. Ақ халатты дәрігер сәлемдесіп, хаттаманы қолына алды да:

– Жәбірленушінің шағымы – зорлау. Біз толық тексеру жүргіземіз. Қалғандарыңыз сыртта күте тұрасыз, – деді Сараға қарап.

Сараптама бір сағатқа жуық созылды. Есік ашылып, дәрігер сыртқа шықты. Сара тіксініп орнынан тұрды.

– Алғашқы қорытынды: зорлық белгілері бар. Толық сараптама нәтижесі үш күн ішінде дайын болады, – деді ол салмақты үнмен.

Сараның көзінен жас парлап кетті. Мәруа есік алдында мелшиген қалпында бір нүктеге қадала қарап біраз тұрды. Олар қайта полиция бөліміне оралғанда, тергеуші Абылай Әзімханұлы үстел үстіндегі папкасын жауып, бір-ақ ауыз сөз айтты:

– Бұл істі соңына дейін жеткіземіз.

2

Келесі күні тергеуші Мәруа оқитын арнайы мектеп-интернатқа бет алды. Қала шетіндегі сұрғылт ғимарат алыстан сұсты көрінді. Қақпада күзетші балаларға көз-қырын салып отыр екен. Тергеушінің қолындағы қызметтік куәлікті көргенде, күзетші орнынан атып тұрып есік ашты. Бірден директор кабинетіне бет алды.

– Тек есімде, дәліз жақта біреулер жүргендей болды. Жанымнан адам өткенін сезіп оянған кезде тәрбиеші апай Мәруаның жанында тұрды. Мен телефонымды алып сағатқа қарағанда таңғы бестің кезі екен. Қуанып кетіп қайта жата қалдым, – деді соңғы қыз.

– Мәруаның қиналып жылағанын естімедіндер ме? – деді таңданып Абылай Әзімханұлы. Айтарын айтып алып, тілін тістей қалды.

– Мылқау жандардың әлемі – меңіреу даладай, тым-тырыс екенін қалай естен шығарып алдым деп қапаланып қалған еді. Сурдоаудармашы соңғы сөйлемді аудармады.

Абылай Әзімханұлы хаттамаға түртіп отырып: тәрбиеші мен мектеп директоры бір нәрсені білетін-

дей. Зорлық көрсеткен адамға бөлмедегі қыздардың дым естімейтіні көмек болған. Немесе бұл қыздарға ұйықтататын дәрі қосып беруі мүмкін. Күдікті растау үшін бұлардың қанынан да талдама алу керек. Енді тәрбиешімен сөйлескен жөн. Бейне-камералар да тек интернатқа кіре беріс пен дәлізге қойылған екен.

Ол орнынан тұрып, терезеге жақындады. Терезенің темір торы бар, сырттан бөтен адамның кіруі мүмкін емес. Демек, қылмыскер – іштегі адам. Бөлме есіктері қауіпсіздік үшін әрдайым ашық тұрады. Тәрбиеші, тағы басқаларының кіріп шығып жүруіне кедергі жоқ.

Тәрбиеші Майра сөйлесу кезінде әбден шатасты. Жасы 50-55-ке келген етженді сары әйел, тергеушінің мысы басқан секілді, шатып-пұтып жауап берді.

– 12 сәуір күні кезекшілікте болдыңыз. Не байқадыңыз?

– Ештеңе де болмады. Әдеттегідей барлық бөлмені аралап қарап жүрдім.

– Қызды зорлап кетті. Сіз бәрі тыныш дейсіз? Сонда қалай болғаны? Мәруа сізге не деді?

– А, аа, соны айтып тұрсыз ба? – деп саудың тамағын ішіп жындының сөзін сөйлегендей өтірік көлгірсі қалғанын Абылай Әзімханұлы жақтырмады. – Таңға жуық тарсылдап кеткен соң, бөлмелеріне кірдім. Жылап тұрып қанды көрсетті. «Маған не болған?» деп сұрады. «Не, болғаны несі? Бойжеткен қызға келетін белгі ғой. Жүр, жуындырайын!» – деп душқа апардым. Болғаны сол, – деп зуылдады.

– Үстіндегі зорлықтың ізін көрмедіңіз бе? Көгерген немесе қызарған дегендей?

– Жоқ, ештеңе байқамадым. Көрсем айтам ғой. Көз алдымда өскен қыздар ғой!

– Сіз кімге қоңырау шалдыңыз сол кезде?

– Үйде балам жалғыз қалады. Соны ояту үшін хабарластым.

– Дәл сол кезде балаңызға хабарластыңыз ба?

– Иә!

Тергеушінің ойы бекіді. Демек, күдіктілер шеңбері – мектептің қызметкерлері. Тәрбиеші өтірік сөйлеп тұрғандай.

Абылай Әзімханұлы директордан алған тізім бойынша интернатта жұмыс істейтін барлық ер қызметкерлерді жеке-жеке шақырып, сұрақ-жауап ала бастады. Әрбірінен: сол түні қайда болғанын, жұмыс уақытын нақтылауды, жәбірленушінің бөлмесіне кіруге мүмкіндігі болған-болмағанын, бейнебақылау мен журналға сәйкестігін тексерді.

Тергеуші сұрақтарын қысқа әрі нық қойды, қарсы отырған адамның бет-жүзіндегі өзгерістерді, қол қимылдарын, дауысының дірілін қалт жібермей бақылап отырды. Кәсіби әдетімен жауаптардағы қайшылықты, күмәнді тұстарды дереу

байқап, қосымша нақтылау сұрақтарын қойды.

Кейбір қызметкерлер «ештеңе білмейміз» деп қысқа қайырғанымен, Абылай Әзімханұлы олардың сөзін журналдағы жазбамен салыстырып отырды. Бірнеше қызметкердің сөзі сәйкес келмеді. Ол артық сөзге бармай, барлығын хаттамаға түсіріп, күмәнді адамдарды бөлек тізімге енгізді.

Абылай Әзімханұлы кабинетіне қайта оралды. Үстел үстінде қалың папкадағы хаттамалар, қызметкерлердің тізімдері мен уақыт журналдары жатты. Ол көзін жұмып, бір сәт ойланып алды. Ішкі түйсігі кейбір жауаптарда жалғандық барын сездірген. Бірақ сезім емес, дәлел керек. Иә, тек бұлтартпас дәлел ғана қылмыстың бетін ашады. Ол дереу қылмыстық істің материалдарына қосымша қаулы енгізіп, сараптамаға сұраныс жолдады. Сол арқылы интернаттағы бейнебақылау камераларының жазбасын талап етті.

3

Абылай Әзімханұлының таңы жүгіруден басталды. Таң бозарғанда ұйқысы шайдай ашылатын. Тергеуші Абылайдың бұл бала кезгі әдеті. Ал қым-қуып тергеу кезінде жүгіруі тым үдейтін еді. Жүгірген сайын қылмысты ашу үшін жинаған детальдары орнын тапқан пазылдардай қиюласып тұра қалатын. Өз ойын бөлгісі келмегендей әдеттегіден ұзақ жүгірді.

Мәруаның сот медициналық сараптамасы дайын болған күн. Қыздың қаны мен несепінен табылған седативті дәрінің ізі – оның дәрменсіз күйін дәлелдеді. Сол сәтте ол ештеңеге қарсы тұра алмайтындай, есінен айырылып, терең ұйқыға кеткендей халде болған. Зерттеу нәтижелері одан әрі де жүректі сыздатты: қыздың ағзасынан бөгде адамның ДНҚ-сы анықталды. Бұл – оның еркінен тыс жасалған жыныстық қатынастың бұлтартпас айғағы еді. Оқып тұрып Мәруаның «білмеймін не болғанын» деп жылағанын енді түсінді. Сараптаманы оқып біраз бөгелген тергеуші,

– Мәруадан табылған ДНҚ-мен сәйкестендіру үшін, мектептегі ер адамдардың бәрінен биоматериал алынсын! – деді. Ол 5-7 күнге созылады. Ал қылмысты тез ашпасаң, қылмыскер ізін суытып кетуі мүмкін. Сондықтан Абылай Әзімханұлы қайта іске кірісті.

– Өзі бейнежазбаларды криминалистен бірге қарауға отырды. Әр кадрды баяулатып, әр есіктің ашылған-ашылмағанын, дәліздегі көлеңкені де қалт жібермеді. Уақыт журналындағы жазбамен салыстырды. Бір жерде сәйкессіздік шықты: түнгі 23:00 шамасында интернатқа белгісіз бір жігіт кірген. Ондай адам интернатта жұмыс істемейді. Камерадағы бейнені бірнеше рет қайта-қайта қарады. Дәліздегі жарық күңгірт, бейне айқын емес. Бірақ Абылай Әзімханұлының қырағы көзі кішкентай ғана детальды қалт жібермеді: Бейнежазбадағы жігіттің қолында былғарыдан қоңыр білезік бар. Ал ол білезік зорлық болған жерден табылған заттардың тізімінде тұрғанын көрген. Қазіргі жастардың тағатыны. Білезік дей ме, жіп дей ме сондай бірдеңе.

Дереу директордан қосымша жауап алды.

– Қылмыс орын алған күні бейнекамера жазбада дәлізде жүрген адам – сіздің қызметкеріңіз емес сияқты. Жас жігіт. Ол кім? – деді көзіне көзін қадап.

Директор біраз үнсіз қалды. Сосын күбірлей жауап қатты:

– Менің балам ғой. Айфонымның қуаттағышын ұмытып кетіп жұмсаған едім. Біз жақын тұрамыз, осы маңда. Қүзетшілер жақсы таниды. Бірақ оның бұл іске еш қатысы жоқ! Тіпті одан көруші болмаңыз!

Гүлден ЖЫЛКЕЛДИЕВА

(Жалғасы бар)